

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі
Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және
Инжиниринг Университеті**

Жанесова Ә.С.

**«Сабақ жоспарының құрылымы және талдау жасау» тақырыбындағы
оқытушыларға арналған әдістемелік нұсқау**

Ақтау – 2011 ж

УДК 37.02

Жанесова Ә.С.

«Сабақ жоспарының құрылымы және талдау жасау» тақырыбындағы оқытушыларға арналған әдістемелік нұсқау – Ақтау, 2011, 18 бет.

Әдістемелік нұсқауда техникалық - кәсіптік білім беру және жоғары білім беру орындарындағы оқыту әдістемесі мен сабаққа талдау жасаудың негізгі мақсаты мен үлгілері қамтылған.

Сын-пікір беруші: п.ғ.к., доцент Р.А. Нурмухаметова

Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің Оқу Әдістемелік Кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылды.

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ

Алғы сөз

Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс-әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Жинақтай айтсақ, ол-оқыту методикасына әдісіне жаңа элементтер ендіру, оның нәтижелігі арқасында уақытты тиімді пайдаланып, сапалық биікке көтеру. Оқытушы мен студент-оқушы арасындағы жаңа, өзіндік педагогикалық ынтымақтастық жолдарын табу, дарынды, уақытша үлгірімі төмен оқушылармен жеке, топтық жұмыс жүргізудің жаңа әдістерін өндіру. оқытушының пәндер, ғылымдар арасындағы байланысты жетілдірудегі өзіндік үлесі, оқушыларға білім стандарттарын оқыту мазмұнын игеруіне тиімді өзіндік бақылауы, талдауы.

Қазіргі заманда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі прогрессивті реформаланып әлемдік білім кеңістігіне енудің алғы шарттарын жасап келеді. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі түбегейлі өзгеріске иеленуде. Бүгінгі таңда оқушылардың жаңа типі қалыптасты. Соған байланысты білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Сондықтан білім саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған басты міндеттің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және оқытудың жаңа технологиясын меңгеру болып табылады.

Көбіне сабақты ұйымдастыру, талдау алға қойылған мақсаттардың дұрыстығын, қорыту және тәрбиелеу тәсілдерінің тиімділігін, олардың дидактика көзқарасына, мазмұны мен мақсаттарына, оқушылардың ерекшеліктеріне сай болуын бағалаудан басталады. Бүгінгі күні арнаулы орта және жоғарғы білім беру орындарына да қойылып отырған талап жоғары. Аталған оқу орындарындағы ұстаздардың көпшілік бөлігі педагогикалық арнаулы білімі болмағандықтан оқыту әдістемесі бағытынан қиыншылықтар кездесетіні белгілі.

Оқыту барысында идеялық және оқытылатын пәннің ғылыми-теориялық (немесе материалдық) деңгейі, пәнаралық байланыстардың қолданылуы, ғылыми-техникалық өрлеудің заманға сай деңгейін ашып көрсету, өмірмен байланысы қаралады. Оқытушы әр түрлі білім көздерін (оқулық, ғылыми құжаттар, саяси-қоғамдық, техникалық, анықтамалық әдебиет, тізбелер, үлгілер, кестелер, оқытудың техникалық құралдары т.б.) қолдана отырып, өтілген материалдың терең де мықты ұғынылуына қол жеткізуі керек, оқушылардың ой-санасын оятып, ынталандырып, оларды өз беттерімен жұмыс істеуге үйретуіне ерекше көңіл бөлу қажет. Сабақта қолданылған оқу-көрнекі, есептеу құралдарының тек көрсетуге пайдаланылғанын немесе оқушылардың өз беттерімен жаңа тұжырымға келіп, білімді алу көзі болғандығын талқылау да маңызды болып табылады.

Осы мақсатты басты бағытқа ала отырып, қоғамның қажеттілігі мен даму деңгейіне, білім үрдісіне қоятын талаптарына, тұлғаны тәрбиелеу мен

оқытуға тікелей байланысты әдістемелік нұсқау пайдаланылуға ұсынылып отыр.

Сабақтың тиімділігінің бағалау критерилері

Сабақ – логикалық аяқталған, толық, шектеулі бағандармен негізделіп қамтылған оқу-тәрбие үрдісі. Оның құрамында күрделі тығыз байланыста оқу процесінің негізгі элементтері қамтылған: мақсат, міндет, мазмұны, әдісі, тәсілі, түрі, оқушы мен оқу арасындағы іс-әрекеттің байланысы.

Сабақ өз алдына оқытушының шеберлігінің айқын көрінісі болғанымен, бір жағынан оқытудың психолого-педагогикалық заңдылықтарына, екінші жағынан білім беру стандартының қоятын талаптарына негізделген.

Оқу үрдісінің жалпы заңдылықтарын негізге ала, мақсат қойып қоғамның қажеттілігі мен даму деңгейіне, білім үрдісіне қоятын талаптарына, тұлғаны тәрбиелеу мен оқытуға тікелей байланыстыра, *мазмұнын айқындай* оқытудың мақсаты мен міндеттеріне, оқушының жас ерекшелік және жеке дара қабілеттеріне, оқытудың теориялық және практикалық даму деңгейіне байланысты *әдістерді таңдайды*. Оқытудың міндеттері мен мазмұнына, оқушылардың нақты оқу мүмкіндіктері мен оларды қолдануына байланысты оқу үрдісін ұйымдастыру *формасы* оқытудың мақсаты, мазмұны мен әдістеріне байланысты таңдалады. *Оқушылардың оқу іс-әрекетіндегі белсенділігі* оқушылардың бойында ішкі танымдылық түрткілердің және сыртқы ынталардың (қоғамдық, экономикалық, педагогикалық) қамтылуымен тығыз байланыста болады. *Оқу үрдісінің тиімділігін арттыру* барлық заңдылықтардың өзара байланысы мен ұйымдастырылу жағдайына тәуелді. *Оқу үрдісінің жекеленген заңдылықтарына сипаттама беретін болсақ:*

- дидактикалық заңдылықтары өз құрамына үрдістің мазмұнды-процесуалдық сипаттамасын (мазмұны, тәсілдері, түрі, әдісі, формасы т.б.) қамтиды;
- гносеологиялық заңдылықтары мұғалімнің басшылығымен оқушының қоршаған ортаның нақтылығын, табиғаттың, қоғамның және өз-өзін факторлары мен заңдылықтарын тану аспектілерін айқындау;
- психикалық заңдылықтарына оқушының оқу үрдісінің барысындағы айрықша ішкі психикалық (танымдылық) іс-әрекетіне қатысты;
- кибернетикалық заңдылықтарына оқу үрдісіндегі барлық байланыстың сан қырлығын, ақпараттық ағымының таралуын, ақпаратты меңгеруін басқаруды бейнелейді;
- әлеуметтік заңдылықтарына жалпы үрдіске қатысушылардың (оқушы мен оқушы арасындағы өзара қатынас, бағыттылық, оқудың әлеуметтік маңыздылығы т.б.) қарым-қатынасын қамтиды;
- ұйымдастырушылық заңдылықтарына оқу үрдісін интеллектуалдың еңбек (оқу мен оқытушылық еңбекті ұйымдастыру, олардың материалдық-техникалық жабдықталуы, ынталандырылу, өнімділік т.б.) негізінде айқындайды.

Оқыту заңдылықтарын білу оқу үрдісін әртүрлі нақты жағдайларда қолайлы құруға мүмкіндігін береді. Сабақты жоспарлау сапалы білім алудың негізгі кепілі. Сондықтан сабақты жобалау мынадай іс-шаралардан тұрады:

- сабақтың типін анықтау;
- сабақтың мақсатын белгілеу;
- сабақтың нәтижесін жоспарлау;
- сабақ өткізудің жағдайын жасау;
- сабақ өткізудің әдісін таңдау;
- сабақ өткізудең тиімді формасын таңдау;
- сабақтың құрылымын жасау (жүйе, жоспар);
- оқыту әдісін және сабақтың қосымша элементтерін ұйымдастыру;
- сабақ мазмұнын толықтыру, мәліметтермен байыту;
- оқыту құралдарын таңдау;
- педагогикалық технологияны ұйымдастыру және өткізу;
- сабақ имиджін қалыптастыру;

Сабақты өткізгендегі мақсаты оның нәтижесін көру болып табылады. Ал сабақтың нәтижелігі сабақты өткізу технологиясына тәуелді деп саналады, оқу үрдісін ұйымдастырудың негізгі ережелері орындауға негізделген және неғұрлым технология сапалы, соғұрлым сабақты нәтижесі жоғары. Сондықтан мұғалімнің және оқушының барлық іс-әрекеті қазіргі заманғы психолого – педагогикалық жетістіктерді ескеру негізінде жүзеге асырылуы тиіс. *Бұл сабақты өзіндік талдау арқылы жүзеге асады.*

Оқушылардың көтерілуін, жетістігін ескере отырып іс-жүзінде орындалған мен жоспарланғанды салыстыру арқылы өз іс-әрекетінің соңғы нәтижесін бағалау мақсатында жүргізілген мақсаттың мазмұны мен міндеттеріне шын жүректен ой -тұрғысында жүйелеп орналастыру болып табылады. *Сабақты өзіндік талдау деңгейі:*

1. Эмоционалдық - ырықсыз деңгей, мұғалімнің өзінің педагогикалық іс - әрекетіне толық қанағаттануы немесе қанағаттанбау деңгейі.
2. Бағалау – сабақтың нәтижесінің қойылған мақсат пен жоспарға сәйкестігін бағалау;
3. Әдістемелік – сабаққа қабылданған талаптар негізінде сабақты талдау жасау;
4. Рефлексивті – себептері және одан шығатын нәтижені айқындау. Бұл талдаудың жоғары түрі, оны іске асыру үшін психолого – педагогикалық теорияны да қатыстыру қажет.

Сабақты өзіндік талдау параметрлері:

1. **Сабақтың жалпы құрылымын бағалау:**
 - Өткізілген сабақ сабақтың қандай түріне жататынын;
 - Сабақтың бөлім, тарау, тақырып ішіндегі орнын;
 - Осы үлгідегі сабақтардың ішінде элементтері нақты белгіленуі;
 - Сабақтың әр бөлігіне жұмсалатын уақыт мөлшері дұрыс белгіленгенуі;

2. Сабақтың дидактикалық мақсатын жүзеге асыру:

- Тақырыптағы (сұрақтағы) бағдарламаның талаптарының барлығы;
- Жаңа материалды түсіндірген кезде оқушылардың қаншалықты белсенді болуы. (қабылдауы, түсінуі, танымдылық қызығушылықтың оянуы)
- Жаңа материалдың жеке «бөліктерінің» шешілу жолдарының дұрыс таңдалуы.
- Жаңа материалды оқыту кезінде материалдың өзгертілу қажеттілігі;
- Алғашқы, жалғасқан бекітудің өз орнын табуы;
- Оқушылардың білім, білік, дағды деңгейінің сапасының бағалануы (оқушылардың қамтылуы қаншалықты, тақтаға шығару принципі т.б.)

3. Оқыту үрдісінде оқушылардың дамуын жүзеге асыру:

- Оқушылардың ойлау операцияларының негізіне (талдау, синтез, жалпылау, топтастыру, жүйелеу) қамтылуы;
- Пәннің ішінде және пән аралық байланыс құрудың жүзеге асырылуы;
- Шығармашылық ойлауды дамыту әдістерінің қолданылуы;
- Жалпы дамуына қатысты қандай – бір ақпарат орын алуы;
- Оқушылардың эстетикалық дамуының орын алуы;

4. Сабақ барысында тәрбиелеу.

- Оқу материалының мазмұнындағы барлық тәрбие мүмкіндіктерінің қолданылуы;
- Дүние танымын қалыптастыруда жұмыс жүргізілуі;
- Сабақта оқытудың өмірмен байланысының жүзеге асырылуы;
- Мұғалім тұлғасының тәрбиелік әсерінің болуы;

5. Дидактиканың негізгі принциптерін сақтау.

- Оқытудың принциптерін жүзеге асыруда мұғалімнің іс әрекеті мен оқушы іс - әрекеті дұрыс ұйымдастырылуы;

6. Оқыту әдістерін таңдау.

- Оқытудың әдістерін таңдауда жалпы талаптардың ескерілуі; (дидактикалық мақсаты, оқу материалының спецификасы, пәннің, оқушының жас ерекшелігі мен жеке қабілеттерінің жалпы мақсаттық бағытылыққа байланысы т.б.)

7. Сабақтағы мұғалімнің жұмысы.

- Сабақта мұғалімнің қандай іс-әрекеті орын алуы; (сөйлеу іс-әрекеті, тыңдау, жазу, оқушыларға көмек т.б.)
- Аудиториямен қарым-қатынастың орнатылуы;

8. Оқушылардың сабақтағы жұмысы.

- Сабақтың әртүрлі кезеңдеріндегі оқушылардың белсенділігінің артуы;
- Сабақтағы оқушылардың іс-әрекетінің орын алуы;
- Сабақтағы тәртіп;

9. Сабақтың гигиеналық жағдайы.

- Аудиториядағы жарық жеткіліктілігі;

10. Кейбір әлеуметтік міндеттер.

- Педагогикалық кеңес, әдістемелік бірлестік немесе мектептің зерттеуімен қабылданған шешімімен байланысты міндеттер.
- Жағдайға байланысты талдау барлық параметр негінде аталғандардың ішіннен талдаудың бір-екі түрін ғана алуға болады.

Талдау дегеніміз-заттың (құбылыстың қасиеттері бойынша сонша бөлікк жіктелінуі,салыстырылуы және танылуы.Қазіргі таңдағы ғылымда көптеген талдаудың түрлері бар.

Сабақты талдау мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетін яғни оқыту деңгейін және оқушының іс-әрекетін, оқу үрдісін талдау болып табылады. Сабақты талдау көп қырлы үрдіс. Мұғалімнің ғылыми-әдістемелік және психологиялық қабілетін, қасиетін әрі ұйымдастырушылық, коммуникативтік, танымдық қабілетін әрі оқушылардың мүмкіншілігімен қабілетін, әлеуметтік жағдайын және білім, білік, дағдыларды қабылдауын талдау болып табылады. Білім беру үрдісі өте күрделі бірнеше компоненттерден тұратын үрдіс. Білім беру үрдісін оқушылардың алған білімін бағалау және талдау үрдісі аяқтайды. Кез келген оқыту үрдісі кезінде «кері байланыс» яғни оқушыларға берген материалын қайтарып алу үрдісі жүргізіледі. Осы «кері байланысты» алу және оның мән мағынасымен, мазмұнын жіктеу үрдісі бірнеше түрге бөлінеді:

1. Сабақты құрылымы бойынша талдау
(8 кезең бойынша талдау Ю.Конаржевский)
2. Сабақты жүйелі талдау
(мақсаты-мазмұны-әдісі-формасы-нәтижесі Т.Шамова)
3. Жүйелі талдау (мұғалім-оқушы компоненті бойынша және 3 жүйе мақсаты-нәтижесі-әдісі бойынша В.П.Симонов)
4. Сабақты аспектісі бойынша талдау (сабақтың негізгі аспектісі бойынша талдау Г.К.Селевко)

Бұдан басқа сабақты талдаудың уақытқа ,жағдайға байланысты жылдамдатылған қысқаша да түрлері баршылық.

Олар:

1. Қысқа талдау
 2. Толық талдау.
 3. Кешенді талдау
 4. Дидактикалық таладау
- қысқа - жалпы сапасын бағалау мақсатында және негізгі дидактикалық категорияларды айқындайды;
 - толық - оқытушы іс-әрекетінің стилін анықтау мен іс тәжірибесін, оқу-тәрбие үрдісін сапалы ұйымдастыруды бақылау мақсатынды жүзеге асырылады;
 - кешенді-сабақты ұйымдасту формасы, әдісі, мазмұны, мақсаты арасындағы байланыс пен бірлігін жан-жақты қарастыруды болжайды. Көп жағдайда бір тақытыпқа байланысты бірнеше сабақтарды талдауда және жас мамандарды оқытуда қолданылады;

- аспектілі – сабақты бір түрін терең қарастыру қажеттілігі туындаған кезде мұғалімнің іс - әрекетіндегі жекеленген амалдардың тиімділігі мен кемшіліктерін айқындау мақсатында қолданылады.

Жалпы талдаудың әр қайсының бірнеше түрлері бар:

- дидактикалық талдау,
- психологиялық талдау,
- тәрбиелік талдау,
- методологиялық талдау,
- ұйымдастырушылық талдау;

Педагогикалық талдаудың мақсаттары әр түрлі болуы мүмкін, осыған сүйене отырып сабақтың бір аспектісіне (жалпы педагогикалық, психологиялық т.б.) сәйкес келетін жекеленген талдау жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда ғылыми ақпарат ағымы өте үлкен, оқыту уақыты шектеулі. Ең маңызды талаптардың бірі оқытудың әдістері мен тиімді мазмұнын табу болып саналады.

Сабақтың құрылымы дидактикалық мақсат негізінде құрылады, оқу материалының мазмұны, оқу іс-әрекетінің барысында жүзеге асырылатын ақыл-ойлық және практикалық операция құрамына, психологиялық заңдылықтары мен жағдайына (класс құрамына, дайындық деңгейіне, кесел келтіретін және күшті оқушылардың әсері т.б.) сәйкес құрылады.

Қандай да бір оқу материалының меңгерілу деңгейінің заңдылығына сәйкес мұғалім үйренудің логикасын, реттілігін құрады, ол оқытудың нақты әдістері мен амалдардың көптеген түрлерінің сан алуандылығымен байқалады.

Мұғалімге оқушыларға сабақ үстінде өзіндік шығармашылықпен оқу іс-әрекетін ұйымдастыра білу қажет және оқытудың «белсенді» әдісін қолдана отырып меңгерілу үрдісіне бақылау жасау, ерекше қарым – қатынасты ұйымдастыра отырып көптеген әдістемелік амалдарды қолдана отырып жүзеге асыру қажет.

Сабақты құрылымы бойынша талдау.

Сабақта 8 кезең болатыны белгілі. Олар:

1. Ұйымдастыру.
2. Үй тапсырмасын сұрау.
3. Білімді жалпы тексеру.
4. Оқушыларды жаңа материалды игеруге даярлау.
5. Жаңа материалды игеру.
6. Жаңа материалдың түсінгені тексеру.
7. Жаңа материалды бекіту.
8. Үйге тапсырма беру.

Сабақтың әрбір кезеңі мынадай параметрлермен талданады:

1. Кезеңнің дидактикалық міндеті
2. Кезеңнің мазмұны.
3. Кезеңде оң нәтижеге жету шарттары.
4. Кезеңнің дидактикалық міндеттері орындалуының көрсеткіштері

Сабақты педагогикалық талдау

1 кезең. **Ұйымдастыру.**

1.1 Мақсаты: Оқушыларды сабақта жұмыс істеуге даярлау.

1.2 Мазмұны :

- Оқушылармен мұғалімнің сәлемдесуі.
- Балаларды түгендеу.
- Аудиториядағы тазалық жағдайы.
- Оқушылардың сабаққа даярлығын тексеру.
- Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

1.3 Жақсы нәтижеге жету шарттары

- Талап қоюшылығы, ұстамдылығы мұғалімнің жинақылығы.
- Аз сөзділігі педагогикалық ерік-жігерінің көрініс табуы.
- Сабақтан сабаққа дейінгі ұйымдастырушылық жүйелілігі.
- Талап қоюдағы бірізділігі.

1.4 Кезеңнің дидактикалық мақсаттарының орындалу көрсеткіші.

- Ұйымдастыру кезеңінің өз уақытында дәлме-дәл өтуі.
- Аудиторияның және сабақтың жабдықталуы, оқушылардың сабаққа дайындығының толық екенін бақылау.

Бұл ең маңызды әрі өте қажетті кезең болып табылады. Бүкіл сабақтың барысы, дамуы мен нәтижесінің іске асуы осы кезең сапасына байланысты.

1 кезеңнің мақсаты-тәрбиелік жағынан оқушыларға әсер етуі

2 кезең. **Үй тапсырмасын тексеру**

2.1.Кезеңнің мақсаты:

Оқушылардың үй тапсырмасын саналы, сапалы дұрыс орындалғанын тексеру. Тексеру барысында байқалған кемшіліктерді жою, оны болдырмау жолын іздеу. Жақсы нәтижеге жетудің шарттары

- Мұғалім қызметінің мақсаттылығы, мұғалімнің оперативті түрде жұмыс істеуі.
- Мұғалімнің оқушылардың көпшілігінде үй тапсырмасының орындалғанын тексерудің жүйелі әдістерін қолдана білуі.
- Кезеңнің дидактикалық мақсатының орындалу көрсеткіші.
 - қысқа уақыт(5-7 минут) ішінде мұғалім оқушылардың көпшілігінің білім дәрежесін анықтап алуы, олардың меңгерген материалдағы типтес кемшіліктерді анықтап алуы.
 - үй тапсырмасын тексеру барысында негізгі (Тірек) ұғымдардың актуалдығын жүзеге асыру.
 - байқалған кемшіліктердің себептерін анықтап, оны жою шаралары.
 - Оқушылардың үйде оқыған материалдарын қорыту дәрежесі мен масштабы.

3 кезең. **Білімді жан жақты тексеру.**

1.Кезеңнің мақсаты:

Білім дағдыларындағы олқылық себептерін аша отырып оқушылардың алған білімі мен өздігінен білім алудың рационалды әдістерін меңгеруге айналдыру.

2.Кезеңнің мазмұны :

- Әр материалды меңгеру сапасын тексеру.
- Оқушы жауабының қабілетін толықтылығы,сөздік қорын,тіл байлығын,сөйлеу қабілетін,мәнерін тексеру.
- Жалпы білімділік дағдысымен білік дағдысының қалыптасуын тексеру.
- Білім-білік дағдыларын бағалау.

3.Жақсы нәтижеге жету шаралары.

- Білімді тексеруде жалпы әдіс-тәсілдер жеке сұрақ беру әдістемесінен бастап,түрлі тексеру әдістерін қолдану.10-15 минут ішінде барлық оқушылардың 10-20 –ға дейін сұраққа жауап алатын мүмкіншілікке жеткізетіндей әдісті қолдану (перфокарта, карточка,тест т.б)
- Білімнің тереңдігін ,сапалылығын тиянақтылығын тексеретін қосымша сұрақтарды дұрыс қою.
- Ситуациялық жағдай жасау.
- Арнаулы тапсырма арқылы бүкіл сынып оқушыларының толық жауаптарын белсенді түрде таңдап,одан да нақты жауап беру жолдарын іздеуге ұйымдастыру.
- Сабақта оқушы жұмысының мазмұндылығы менқажеттілігін сезе алатындай жақсы атмосфера туғызу.

4. Кезеңнің дидактикалық көрсеткіші.

- Мұғалім білімнің дұрыс меңгеруін ғана анықтап қоймай білімді,саналы, терең меңгерін оны практикада қолдана білуін тексеру.
- Жауаптарын саралай білу,біліміндегі жақсы,сол сияқты жетімсіз олқы жауаптарын көрсетуі ,өз бетінше жұмыс істеуге үйрету.
- Жеке оқушының білімін тексеруде,сыныптың белсенділігін арттыру.
- Оқушы білімін бекіту,нақтылау,жүйелендіру формасы екенін есте сақтау.Оқушының білімін дағдыларын дұрыс көрсете білу әдісін қалыптастыру.

4 кезең. **Оқушыларды білімді сапалы белсенді меңгеруге дайындау.**

1.Кезеңнің дидактикалық мақсаты:

Оқушылардың танымдық қызметін блгілі бір мақсатқа бағыттау және ұйымдастыру.

2.Кезеңнің мазмұны:

- Жаңа материалдың тақырыбын мақсатымен хабарлау.
- Жаңа материалды оқып үйренудің практикалық қажеттілігін көрсету.
- Оқушылардың алдына оқу проблемасын қою.

3. Жақсы нәтижеге жету шарттары:

- Жаңа оқу материалдарының мақсаты мен міндетін,практикалық маңызын,оқу проблемасын мұғалімнің алдын ала ойластырып,оларды бекітудің тиімді әдісін таңдап алу.

- Оқушылар үшін мұғалімнің, сабақтың білімділік мақсатын бір мәнде айқын анықтап білуі.
- Оқушыларға сабақ мақсатын хабарлауда әр сабақта әр түрлі тәсілдерін қолдану, яғни вариациялау.

4. Кезеңнің дидактикалық мақсатының орындалу көрсеткіштері.

- Оқушылардың таным белсенділігінің келесі кезеңдерде арта түсуі.
- Жаңа материалды қабылдаумен қорыта білудің тиімділігі.
- Оқушылардың алған материалдан практикалық қажеттерін түсінуі.

V кезең. Жаңа білімді меңгерту.

1. Кезеңнің дидактикалық мақсаты:

Оқушыларға оқылатын мәселенің негізгі идеясын; зерттеліп отырған құбылыстың, фактінің заңын айқын, нақты түсінігін беру. Оқушылардың жаңа білімін қорытындылау, жүйелеу, қабылдату, ойға сақтау.

2. Кезеңнің мазмұны:

- Аудитория ынтасын жұмылдыру.
- Оқушылардың материалды бір мезгілде қабылдауы, жалпылай және жүйелей білуі.

3. Жақсы нәтижеге жету шарттары:

- Жаңа материалдың түйінді мәселесіне оқушылардың ерекше назарын аудару арқылы еріксіз қабылдауды күшейтетін әдіс қолдану.
- Оқытып отырған құбылысты толық түрде қабылдауға негіз болатын айырықша белгілерді айқын дәл анықтап алу.
- Оқылып отырған материалдың түйінді ең негізгі мәселесін бөліп алып, қабылдау әрекетін сол мәселеге бағыттау.
- Дәптерге әр бөлім (пунк) жоспарын тезиз түрінде конспект етіп жазу.
- Әр түрлі көрнекілік пайдалану.
- Оқып отырған материалды терең меңгеру мақсатында әр сабақтағы мәселелер арасындағы ішкі байланыстарды ашу мақсатында анализ жасау, салыстыру, қарсы қою, абстрактылау мен нақтылау операциясын пайдалану.
- Оқушылар алдында ойлау проблемасын, проблемалық ситуация, эвристикалық сұрақтар қою арқылы ойлау белсенділігін арттыру.
- Мүмкіндігі болса жалпылау үшін сабаққа жүйеленген кесте жасау.
- Оқушылардың тірек білімдерін оңдайландыру.
- Оқу материалдары бойынша сөздік жұмысын жүргізу.

б. кезең. Оқушылардың жаңа ұғыммен фактілерді заңдылықтарды ойына берік сақтағанын тексеру

1. Кезеңнің дидактикалық мақсаты:

Жаңа материалды тексеру мақсатында кездескен олқылықтарды жою.

2. Мазмұны.

- Мұғалімнің оқушылар алған жаңа материалды меңгеру тереңдігін ішкі байланыстар мен заңдылықтарын тексеру
- Оқушылардың жаңа ұғымды толық меңгеруін тексеру.

3. Жақсы нәтижеге жету шарттары:

- Мұғалімнің ойлау белсенділігін, ойлау қабілетінің өз бетімен жүзеге асуын талап ететін сұрақт пайдалануы.
- Білімді қолдануда стандартты емес ситуация тудыру.
- Оқушы жауабына қарай мұғалімнің барлық оқушыларға толықтыру, нақтылау, түзету үшін немесе басқа рациональды шешімін табу үшін сұрақтар қою.
- Жаңа материалды түсінудегі олқылық сапасы мен көлемін анықтаудағы қосымша санын анықтау.

4. Кезеңнің дидактикалық мақсатының орындалу көрсеткіштері:

- Мұғалімнің орташа және нашар оқитын оқушыны тарта отырып, олардың білімін бағалауға барлық оқушысын тартады.
- Тексеру барысында мұғалім оқушылардың жаңа материалды меңгерудегі оқулықтарын жояды.
- Дидактикалық мақсаты орындаудың негізгі критерийі, мұғалімнің орташа нашар үйрететін оқушылардың көпшілігінен, жаңа сабақты меңгеруден кейінгі олардың қалай пайдаланылатындығын анықтап алу.

5. Кезеңнің дидактикалық орындалу көрсеткіші:

- Мұғалім сабақ түсіндіргенде әңгіме, дәріс түсіндіру, өз бетінше жұмыс істеу т.б әдістерді пайдаланып, онда дидактикалық мақсаттын орындалуы сабақтың келесі кезеңіндегі оқушылар жауабының сапасы болып табылатынын дәлелдеу.
- Эвристикалық әңгіме, әңгімелесу өз бетімен жұмыс кезінде оқулықты пайдаланса, ондағы белгіленген білім көрсеткіші бойынша, олардың жауабының дұрыстығының жұмыс қортындысы мен түсіндірген материалды қорытындылау кезінде көрсету.

7 кезең. Оқушылардың білімін бекіту.

1. Дидактикалық мақсаты :

Оқушылардың есіне жаңа материал бойынша жұмыс істей алатындай білім мен дағды қалыптастыру.

2. Мазмұны:

- Түсіндірілген білім мен дағдыны бекіту.
- Мәселенің оқыту әдістемесін бекіту.
- Білімді кезекті тексеру кезінде оқушыға берілетін сұрақ әдемесін бекіту.

3. Жаңа нәтижеге жету шарттары:

- Білімді есте сақтап қоймай, оны практикада, теорияда іске асыра білу керек.
- Білімді бекітудің әр түрлі формасын қолдану керек.
- Білімді кезекті тексеру кезінде оқушыға берілетін сұрақ әдістемесін бекіту.
- Білімді есте сақтап қоймай, оны практикада, теорияда іске асыра білу керек.
- Білімді бекітудің әртүрлі формасын қолдану керек.

4. Кезеңнің дидактикалық материалдарының орындалу көрсеткіші:

- Оқушылардың фактіні ережені, идеяны, ұғыммен салыстыра алуы, олар жөнінде түсінік алу.
- Жаңа материалдың негізгі идеясын қайта айтып беру керек.
- Негізгі ұғымдардың түйінді мәселесін бөліп алып нақтылай түсу.
- Оқушылардың белсенділігі.

8 кезен. **Оқушыларға үй тапсырмасы туралы, мәлімет нұсқау беру.**

- Дидактикалық мақсаты: Оқушыларға үй тапсырмасын хабарлау, орындау әдістемесін түсіндіру, сабақты қортындылау.

2. **Кезең мазмұны:**

Тапсырмаға нұсқау беру. Оқушылардың жұмысының мазмұнын, тәсілін қалай түсінгенін тексеру. Жұмыстың қортындысын шығару. Сынып қалай жұмыс істеді? қай оқушы ерекше тырысты? қандай жаңа нәрсе үйренді?

3. **Жаңа нәтижеге жету шарттары:**

- Жұмыс мазмұнын шыдамдылықпен, байсылды түсіндіру оны орындауға, жетілдіруге сәйкес жұмыс түрлерін үйрету.
- Қоңырауға дейін сабақ үстінде жүйелі міндетті түрде кезең шартының орындалуы.
- Қысқа әдістемелік нұсқаулармен оқушылар үй тапсырмасын қалай орындайтын жөнінде түсінік беру.
- Үй жұмысы негізінен алғанда білімді тереңдету мен өмірде қолдана алатындай етіп бекіту мақсатын көздеу.
- Үй тапсырмасының құрамына танымдық есеп ережелер, сұрақтар енгізу.
- Оқу материалын үйге бергенде дифференциалды әдіс қолдану.

4. **Кезеңнің дидактикалық материалдарының көрсеткіші.**

- барлық оқушылардың үй тапсырмасын қалай орындағанын келесі сабақта анықталады.
- Үй тапсырмасын сабақ соңында беру міндетті емес, оқу процесінің логикасына оны сабақ басында, ортасында беруге болады.
- егер үй жұмысы сыныпта орындалған жұмыстың логикалық жалғасы болса, оны сабақ соңында беру керек.
- Өз сипаты бойынша үй тапсырмасы сынып жұмысының жалғасы болу керек. Ұйымдастыру дәрежесі бойынша орташа мазмұны сынып жұмысының 1/2 не 1/3 бөлігіне сай бөлу керек.
- Үй тапсырмасын орындауға мұғалімнің бретін нұсқауы тек үй жұмысын орындаудың бағытын ашуы керек.

Бұдан басқа да сабақты талдаудың түрлері көп. солардың ішінен күнделікті мектеп өміріне қажетті түрлерімен танысайық. Соның бірі сабақты жалпы талдау әдісі.

Сабақты талдау тәртібі

Оқытушының сабақ беруіне қатысты зерттеулер нәтижелерін қорытындылай келе, сабаққа қатысу барысында төмендегідей қағиданы басшылыққа алу қажет:

1. Бейтараптылық қағидасы: Сабақ – бұл білім үрдісінің

педагогикалық-психологиялық заңдылықтарына негізделген әрбір оқытушының шығармашылығы. Кез-келген сабаққа қатысушы-оқытушы тарапынан сабақтың өту барысында өрескел қателерді көріп тұрғанның өзінде, сабақ өту кезеңіне араласуға, ескерту жасауына құқығы жоқ. Ол өзінің қателерін өзі жоюы керек.

2. Қатысушының оқытушыға деген қарым-қатынасының сыпайылық қазидасы: Ол оқытушымен мейлінше жұмсақ, сыпайы болуы тиіс.

3. Бақылау кезінде сабақтың барлық факторларын есепке алу қазидасы: Сабақта тұрлаусыз детальдар жоқ және боолуы мүмкін де емес, өйткені сабақ уақыты шектеулі. Тексеруші қатысудың мақсатына қарамастан сабақтың барлық барысын қағазға түсіріп отырады. Яғни студент пен оқытушы қызметінің барлық түрін оларға жұмсалған уақыт мөлшерін қоса. Тәжірибе көрсеткендей, тексерушілердің сабақ бойын қандай да бір сызба не кестелерге салып белгілеп отыруға тырысуы ешбір жетістікке жеткізбейді. Тексеруші сабақтағы іс-әрекеттердің уақытын көрсетеді делік, мұны өткен минуттар саны емес, жұмсалған уақыт мөлшері деп түсінген жөн. Сабақта не болғанын, сабақ құрылымы, формасы, әдіс-тәсілдері, қандай дидактикалық құралдардың тиімді пайдаланғандығы, тиімділігі маңызды. Енді сабақты талдау ұстанымдарын қарастырайық:

1. Ғылыми ұстанымы – сабақтағы оқушы мен оқытушы қызметіне қойылатын педагогикалық, психологиялық, ғылыми талаптарды анықтайды. Бұл ұстанымды іске асыру кейбір тексеруші тарапынан айтылатын маған мына жері ұнады, мына жері ұнамады деген біржақты пікірлерді жоққа шығару керек. Ғылымилық ұстанымы бойынша оқушы мен оқытушының сабақ үрдісіндегі қызметін бағалауда қандай ғылыми негізделген іс-әрекет болды, ол қалай жүзеге асты, соған көңіл аударылуы керек.

2. Белгілік ұстанымы– көптеген сабаққа қатысушылар сабаққа қойылатын жаңа шыққан талаптар мен нұсқауларды оқып алып, соны сабақты талдағанда мұғалімнен талап етеді. Бұл қате нәрсе, сондықтан белгілік ұстанымы бойынша әрбір мұғалім тексеруші, сабағына кірерге дейін оның сабағын талдау барысында одан қандай нұсқауға сүйенген талаптардың сұралатындығын, не талап етілетіндігін білуі қажет.

3. Барлық тексерушілердің талаптарының бірлігі ұстанымы– тәжірибеде кездесетіндей неше тексеруші болса сонша пікір деген бұл тексерушілердің қызметінің формальды нәтиже болып қалуы мүмкін. Тексерушілер көп болған жағдайда өздері қоятын талаптардың біркелкі болуын, яғни тексеруші талаптардың бірлігін анықтап алуға міндетті.

4. Тұтас мақсаттылық ұстанымы - әрбір нақты сабаққа қойылатын талап. Сабаққа қатысу мақсаттарын төмендегідей деуге болады: сабақта оқытушы оқыту, тәрбиелеу, дамыту ұстанымдарының бірлігін қалай жүзеге асырады.

- Тәрбиелей отырып оқыту ұстанымы іске асауы;
- Дамыта отырып оқыту ұстанымының жүзеге асуы;
- Оқытудың сәйкестілік пен түсіністілік ұстанымының жүзеге асауы;
- Сабақтың ұйымдастырылуының қазіргі ғылыми талаптарға жауап беруі;

- Сабақта оқытушының дидактикалық қызметінің тиімді болуы;
- Оқушылардың сабақтағы қызметінің белсенділігі мен тиімділігінің дәрежесі;
- Сабақты талдау формализмнен аулақ болудың кепілі – сабаққа қойылатын талаптардың тиімділігі. Тиімділік деп – бұл жерде қажеттілік пен жеткілікті айтамыз.

5. Талаптардың өз ара шарттылығы мен бірлігі ұстанымы - керібайланыс.

6. Әділеттілік пен мейрімділік ұстанымы - бұл ұстаным педагогикалық басқаруды субъекті қызметінде ізгілендіру мен адамгершілікті көрсетеді.

7. Дербес ерекшеліктерді есепке алу ұстанымы - оқу пәнінің не оқытушының өзіндік дербес ерекшеліктері сабақты тексерушіге бақылау кезінде аса маңызды талаптар қояды. Барлық пәнді, не барлық оқытушының тұлғалық ерекшеліктерін де есепке алу қажет. Сабақты талдау оқытушының өз сабағына өзіндік талдауынан басталып, өзіне қойылатын талаппен өзін-өзі бағалауымен аяқталуы керек. Өзіндік талдауда оқытушы өз сабағының өту барысына, қойған мақсаттары мен қол жеткен табыстарына, материалдың мазмұнының көлеміне және студенттің оны игеруіне, қолданған әдіс-тәсілдеріне баға, оқушылар белсендіктері мен оқушылардың жұмыстарын түрлендіруі, оны ұйымдастыра білуіне, өз мінез-құлқының (сөйлеу, логика, оқу мен қарым-қатынас мазмұны) қырларына анализ береді. Қортындысында оқытушы өз сабағынан шығатын тұжырымдама, сабақ сапасын өткізу барсында қол жеткен табыстарын, педагогикалық шеберлігінің дамуына көңіл аударады.

Сабақты жалпы талдау

I. Академиялық топ туралы мәлімет, сабақ

II. Сабақ мақсаты

- Білімділік, дамытушылық, тәрбиелік;
- Сабақ тақырыбының мақсатына сәйкестілігі;
- Бағдарламаға сәйкестілігі;
- Мақсатына жетуі;

III. Мазмұны

- Тақырыбы толық ашылуы;
- Тақырыптың ғылымилығы;
- Өмірмен байланысы;
- Жас ерекшелігіне сәйкестілігі;
- Оқушыға түсініктілігі;
- Тақырыптың өткен сабақпен байланысы.

IV. Оқыту әдісі

- Таңдаған әдісі тиімділігі;
- Әдістің мақсатына сәйкестілігі;
- Әдістің оқушылардың белсенділігін арттыруы;
- Оқытушы мен оқушының бірлігі;

V. Тәрбиелік мәні

- ұжымдық жұмыс;
- жеке жұмыс;
- сабақтың тәрбиелік қасиеті;

VI.Сабақты ұйымдастыру жолдары

- Оқушы мен мұғалім даярлығы;
- Уақытты пайдалануы;
- Сабақ кезіндегі оқушылардың белсенділігі, тәртібі, зейіні;
- Мұғалімнің іс- әрекеті: сөз мәдениеті, оқушылармен сөзі, мимика, жест;
- Оқушыларды дамытуы: адамгершілік, эстетикалы, интеллектуалдығы;
- Оқушылардың қызығуы;
- Мұғалімнің қасиеттері.

VIIСабақтағы білім, білік, дағдының қалыптасуы

- Қаншалықты білім алғандығы;
- Қаншалықты білікті игеруі;
- Алған дағды көлемі;

VIII.Оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыру

- Техникалық көрнекі құралды пайдалануы;
- Көрнекілігі;
- Оқушылардың жеке ерекшелігін ескеруі;
- Жас ерекшелігін ескеруі;
- Индуктивті, дедуктивті әдісті қолдануы

IX. Сабақ кезіндегі оқушылармен жеке жұмыс жүргізу жолдары:

- жеке жұмыс: дарынды балалармен, нашар оқитын балалармен

X. Оқушылардың білім алудағы көңіл- күйі.

XI.Қорытынды ұсыныстар.

Төменде сабақты жүйелеп талдаудың В.Смонов ұсынған жобасы беріліп отыр:

- 1.Сабақтың дидактикалық мақсаты
 - 1.1 Сабақ мақсатының бағдарламаға сай болуы;
 - 1.2 Сабақ мақсатының қысқа, тұжырымды нақты болуы;
 - 1.3 Сабақ мақсатының күрделілігі, шынайылығы, іске асыруға болатындығы;
 - 1.4 Мақсаттың іске асырылуы, нәтижелілігі;
- 2.Мұғалімнің іс-әрекеті.
 - 2.1Мұғалімнің өз пәнін білуі жалпы эрудициясы;
 - 2.2 Мұғалімнің педагогикалық, әдістемелік шеберлік деңгейі;
 - 2.3 Мұғалімнің ұстанымы, демократизациясы, әдебі, сыртқы түрі, мәдениеті.
- 3 Оқушының іс- әрекеті.
 - 3.1 Сабақ барысындағы оқушылардың танымдық белсенділік деңгейі;
 - 3.2 Сабаққа (пәнге) деген оқушының қызығушылығының болуы не болмауы;
 - 3.3 Жалпы біліктілік дағдыларының қалыптасуы.
 - 3.4 Шығармашылық элементтерінің сабақта болуы.
 - 3.5 Ұжымдық жұмыстардың болуы (жұптасып, топтық)

- 3.6 Оқушылардың ұйымшылдығы мен тәртібі.
- 4. Мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекетінің мазмұны.
 - 4.1 Оқытудың негізгі принциптерін іске асыру тиімділігі
 - 4.2 Мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетіндегі жаңашылдық
 - 4.3 Сабақтағы базалық білімді іске асыруы
 - 4.4 Іс әрекеттерді бағалауды аяқтау және үй тапсырмасының берілуі.
- 5. Оқытуды ұйымдастыру тәсілдері.
 - 5.1 Сабақ уақытын тиімді және дәл пайдалана білу
 - 5.2 Сабақтың техникалық көрнекі құралы

САБАҚҚА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ҮЛГІСІ

Мерзімі: _____ академиялық тобы _____

Студент саны: _____

Оқытушы аты-жөні: _____

Пәні: _____

Сабаққа қатысу мақсаты: _____

Сабақтың тақырыбы: _____

№	Мұғалімнің сабақтағы іс-әрекеті	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төменгі деңгей	Ең төмен деңгей	Оқушының сабақтағы іс-әрекеті	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төменгі деңгей	Ең төмен деңгей
1.	Сабақтың ұйымдастыру кезеңі					Оқушылар назарының ұйымдастырылуы: а/ басталуында ә/ соңында				
2.	Білімді тексеру және қайталау					Оқушылар белсендігі: а/ сұрау кезінде ә/ жаңа материалды баяндау кезінде				
3.	Үй тапсырмасын тексеру					Сабаққа деген ынта-зейіні				
4.	Сабақты теориялық тұрғыда баяндау: а/ ғылымилығы ә/ логикалығы б/ жүйелілігі в/ түсініктілігі					Білімдерінің деңгейі				
5.	Тақырыптың ашылуы					Дағдысының қалыптасу деңгейі				
6.	Қажетті материалдармен толықтырылуы					Өз ойын баяндай алуы				
7.	Көрнекіліктің болуы					Логикалық ойлау дәрежесі				
8.	Сабақтың тәрбиелік мәні					Баяндай алуы				
9.	ТСО					Тіл тазалығы				
10.	Дидактикалық материалдардың жинақталуы					Өзін-өзі бағалауы				
11.	Оқушылармен жеке жұмыс түрлері					Мұғаліммен қарым-қатынас дәрежесі				
12.	Сабақтың сезіммен жеткізілуі					Тәртібі				
13.	Педагогикалық такт					Сабаққа даярлығы				
14.	Өз беттерімен істелетін жұмыстардың жоспарлануы					Өз бетімен жұмыс жүргізу қабілеті				
15.	Уақытты тиімді пайдалануы					Үй тапсырмасына назары				
16.	Үйге тапсырма, анализ жасалынуы, нормасы					Қоңырауға реакциясы				
17.	Бағалау, сабақты қорыту анализі					Баға әлідігіне назары				
18.	Сабақтың нәтижесі					Қорытынды жасай алуы				

Сабақ туралы пікірі _____

Ұсыныстар: _____

Талдау жүргізген _____

Сабақты талдау параметрлері

1	Сабақ мақсатының бағдарламаға сай болуы
2	Сабаққа дидактикалық ұстаным мен ережелерді тиімді пайдалану.
3	Пән аралық байланыс құру. Әрбір сабақты талдай,болжай, жоспарлай және құрастыра білу
4	Оқушылардың белсенділігін арттырып қажеттілігіне түрткі (мотивация) жасау
5	Мұғалімнің өз пәнін білуі жалпы эрудициясы
6	Мұғалімнің педагогикалық,әдістемелік шеберлік деңгейі, Педагогикалық іс-әрекетінің тиімділігі
7	Сабаққа оқытудың жаңа технологиясын пайдалану
8	Сабақ барысындағы оқушылардың танымдық белсенділік, қызығушылық деңгейі,
9	Сабақта статистикалық мәліметтерді, соңғы жаңалықтарды пайдалану деңгейі
10	Жалпы біліктілік дағдыларының қалыптасуы
11	Шығармашылық элементтерінің сабақта болуы.
12	Ұжымдық, жеке жұмыстардың болуы.
13	Оқушылардың ұйымшылдығы мен тәртібі.
14	Үнемі әрі үздіксіз білім алу қажеттігін ұйымдастыру.
15	Алынған білімді іс жүзінде өмірмен байланыстыру.
16	Мұғалімнің іс-әрекетіндегі жаңашылдық
18	Сабақтың техникалық көрнекі құралы, оқулықты нормативтік құжаттарды пайдалану деңгейі
19	Іс әрекеттерді бағалауды аяқтау және үй тапсырмасының берілуі. Сабақ уақытын тиімді және дәл пайдалана білу
20	Оқу-тәрбие жұмысының барлық кезеңдерінде қисындылықты (логичный)және көңіл күйді ұйымдастыру



Бұл кестені толтыру және диаграмма құру арқылы сабақтың қаншалықты деңгейде өткенін анықтап бағалауға болады.

Алдыңғы қатарлы тәжірибені жетілдіре отырып, оқу үрдісіне жаңа әдіс-тәсілдерді, оқытудың жаңа технология-ларын енгізіп, студенттердің жалпы дамуын қамтамасыз ету оқытушының міндеті.. Жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, оны ұйымдастыру формасын түрлендіріп отыру – оқытушының басты міндеті екені белгілі. Мұндай жағдайда оқытушының шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әбиев Ж.А. Педагогика - Алматы., 2004.
2. Джуринский А.Н. Педагогика: история педагогических идей.М,2000.
3. Курманалина Ш.Х., Муканова Б.Ж., Галымова Ә.У., Ильясова Р.К. Педагогика: Учебник. - Астана: Фолиант, 2007. - 656 с.
4. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика: Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы / Ж.Б Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев.- Алматы, 2004,- 420 бет.
5. Лихачев Б.Т. Педагогика. М., 1998
6. Мұханбетжанова Ә.М., Муханбетова Ш.Т. Педагогикалық шеберлік.- Орал; БҚМУ, 2009.
7. Харламов В.Ф. Педагогика. М., 1999.-512 с.
8. Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. Алматы 2002 ж